

## Ұсынымдар

### Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөнінде

1. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық жыл сайынғы конкурсын (бұдан әрі - СҒЗЖ конкурсы) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары оқу орындарының базасында жыл сайын өткізеді.

2. СҒЗЖ конкурсының негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;

2) ең дарынды және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау;

3) Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

3. СҒЗЖ республикалық конкурсы 2 кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең - ЖОО ішіндегі;

2) екінші кезең - базалық жоғары оқу орындарында;

4. I кезеңді (ЖОО ішіндегі) өткізу мерзімі ЖОО ректорының бұйрығымен, II кезең ақпан-сәуір аралығында айқындалады.

5. СҒЗЖ конкурсына Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері мен студенттік топтары қатыса алады.

6. СҒЗЖ конкурсына жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың өзекті мәселелері мен басым бағыттары бойынша студенттердің өз бетінше орындалған аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары ұсынылады.

7. СҒЗЖ конкурсына басшылықты СҒЗЖ конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі республикалық комиссия жүзеге асырады.

8. СҒЗЖ конкурсының I кезеңіне ғылыми қоғамдардың немесе ғылыми жетекшінің ұсынысы бойынша жоғары оқу орындарының жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтар бойынша студенттері қатыса алады.

9. ЖОО ректоры (проректоры) құрамына жетекші ғылыми ұйымдардың, кәсіпорындардың, жергілікті билік органдарының өкілдерін қоса алғанда, конкурстың тиісті бөлімдері бойынша конкурстық комиссиялар ұйымдастырады.

10. ЖОО-ның конкурстық комиссиясы тиісті бейіндегі ғалымдардың қатысуымен секциялар ұйымдастыруға, жекелеген ЖОО-дарға, кафедраларға және ЖОО-лар мен ғылыми ұйымдардың мамандарына жұмыстарды қарауды тапсыруға құқылы (конкурстық комиссияға түскен жұмысқа рецензия ұсыну).

11. ЖОО студенттерінің конкурс бөлімдері бойынша ғылыми жұмыстары міндетті түрде бөгде ұйымдарда рецензиялаудан өтеді. Рецензиялар ЖОО-ның конкурстық комиссиясының есебіне қоса беріледі.

12. Конкурстың I кезеңінің қорытындысы бойынша ректор бұйрығымен бекітілетін ЖОО-ның конкурстық комиссиясы СҒЗЖ (ЖОО ішіндегі) Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін ЖОО студенттерінің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын конкурстық негізде іріктейді және базалық ЖОО-ларға жібереді.

13. Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін студенттердің ғылыми жұмыстарын ұсынған кезде жоғары оқу орны базалық ЖОО-ға конкурстың тиісті бөлімі бойынша мынадай құжаттарды жібереді:

- 1) ғылыми жұмыс;
- 2) ғылыми жұмыстың аннотациясы;
- 3) ғылыми жетекшінің орындалған жұмыстың дербестік дәрежесі туралы пікірі (еркін нысанда);
- 4) автор (авторлар) және ғылыми жетекші туралы мәліметтер;
- 5) конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе жұмысты конкурсқа ұсыну туралы ЖОО Ғылыми кеңесінің шешімі хаттамамен ресімделеді.

14. СҒЗЖ конкурсына студенттердің ғылыми жұмыстарының бір жарым интервал арқылы басылған бірінші даналары ұсынылады. Жұмыс көлемі 20-40 беттен аспауы керек. Жұмыс көлемі бойынша шектеулерді оның ұлғаю жағына қарай базалық жоғары оқу орындары конкурстың бөлімдері бойынша өзгерте алады. Макеттер мен заттай экспонаттарды ұсынуға жол берілмейді. Жұмысқа қоса берілетін сызбалар мен иллюстрациялар стандартты өлшемдегі парақтарда құрастырылуы тиіс. Ғылыми жұмысқа ғылыми жұмыс нәтижелерін енгізу туралы актілері (актілердің көшірмелері), патенттердің, ғылыми мақалалардың көшірмелері қоса берілуі мүмкін. Дипломдық, курстық жұмыстар мен жобалар, егер оларда ғылыми жаңалық болса немесе олардың нәтижелерін өндіріске немесе оқу процесіне енгізу көзделсе, конкурсқа ұсынылуы мүмкін.

15. Жеке мөрленген қағазда жұмыстың авторы (авторлары) және ғылыми жетекшісі (жетекшілері) туралы мәліметтер, сондай-ақ ашық конкурстың бірінші турының қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе ЖОО Ғылыми кеңесінің жұмысты СҒЗЖ конкурсына ұсыну туралы шешімі ұсынылады. Егер жұмысты авторлық ұжым орындаса, авторлардың тізімі олардың жеке үлесіне сәйкес ұсынылады.

16. Жұмыстар осы ұсынымдарды бұза отырып ұсынылған жағдайда базалық ЖОО-ның конкурстық комиссиясы бұл жұмыстарды конкурсқа қатырмауға құқылы (міндетті түрде қабылдамау себептерін көрсете отырып).

17. Базалық ЖОО-ның конкурстық комиссиясы осы отырыста комиссия құрамының кемінде 2/3-і болған кезде көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Дауыстар саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

18. Базалық ЖОО ағымдағы жылғы 30 мамырға дейін Министрлікке оның барлық мүшелерінің қолы қойылған комиссия хаттамасын жібереді.

19. СҒЗЖ конкурсының әрбір бөлімі бойынша базалық жоғары оқу орнының конкурстық комиссиясы жүлдегерлерді келесі тәртіппен марапаттауға ұсынады: 1 орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің I дәрежелі дипломы (бір жұмыстан артық емес); 2 орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің II дәрежелі дипломы (екі жұмыстан артық емес); 3 орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің III дәрежелі дипломы (үш жұмыстан артық емес).

20. Студенттердің үздік ғылыми-зерттеу жұмысына арналған республикалық конкурстың 1, 2, 3 орын алған жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

21. Жоғары оқу орнының басшылығы конкурс лауреаты атанған студенттерді ынталандыру үшін жоғары оқу орнының өз қаражаты есебінен шаралар қабылдай алады. Ақшалай сыйлықтың мөлшері тағайындалған жылы қолда бар қаражатқа қарай белгіленеді, бірақ стипендия мөлшерінен кем болмауы тиіс. Ұжымдық жұмыстың тең авторларына ақшалай сыйлық тең үлестермен төленеді.

22. Магистратураға түсу кезінде СҒЗЖ конкурсының дипломдарымен марапатталған студент-лауреаттардың жетістіктері қабылдау комиссиялары тарапынан ескеріледі.

23. Студенттердің жетекшілігімен кемінде үш марапатталған ғылыми жұмыс орындалған ғылыми жетекші Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің дипломымен марапатталады.

24. Келесі республикалық СҒЗЖ конкурсы студенті 1 орынды иеленген жоғары оқу орнының базасында өткізіледі. Егер осы 1 орын ағымдағы жылы конкурсты өткізген базалық жоғары оқу орнының студентіне берілсе, онда келесі конкурс бірінші жүлделі орыннан кейінгі орынды алған студенттің жоғары оқу орнының базасында өткізіледі. Егер жүлдегерлер екі студент болса, келесі СҒЗЖ конкурсын өткізу құқығы басым балл жинаған студенттің жоғары оқу орнына беріледі.

## Ғылыми жұмыстың аннотациясы

1. Тақырыбы
2. Мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат рубрикаторы
3. Жоғары оқу орны
4. Жұмыстың аяқталған жылы
5. Жұмыс көлемі: \_\_\_\_\_ б.
6. Қосымшалардың көлемі: \_\_\_\_\_ б.
7. Иллюстрациялардың саны: \_\_\_\_\_ б.
8. Кестелердің саны: \_\_\_\_\_ б.
9. Әдебиеттер тізімінің саны: \_\_\_\_\_

### Жұмыстың сипаттамасы:

1. Ғылыми жұмыстың мақсаты  
\_\_\_\_\_
2. Өткізілген зерттеулердің әдістері  
\_\_\_\_\_
3. Ғылыми зерттеулердің ең негізгі нәтижелері (ғылыми, тәжірибелік)  
\_\_\_\_\_
4. Ғылыми нәтижелерді пайдалану туралы құжаттардың болуы (ия, жоқ)

Қолы

**Жұмыстың авторы мен ғылыми жетекшісі туралы мәліметтер, СҒЗЖ конкурсына ұсынылған**

**АВТОР**

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты
4. Курс
5. Мекенжайы

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІСІ**

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты
4. Ғылыми дәрежесі
5. Мекенжайы

Басқарма мүшесі – проректор

(қолы)

Ғылыми жетекшісі

(қолы)

Жұмыстың авторы

(қолы)